

## АгроОнеркесіп кешеніне кредит берудің және оны субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары туралы" 2002 жылғы 2 тамыздағы N 864 және "2003 жылға арналған респубикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 қаулыларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

### 1. Қоса беріліп отыраған:

1) Лизингтік негізде ауыл шаруашылық техникасымен қамтамасыз етуге кредит беру және сыйақы (мұдде) ставкасын өтеу ережесі;

2) Лизингтік негізде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндеу жөніндегі кәсіпорындарды жабдықтармен қамтамасыз етуге кредит беру және сыйақы (мұдде) ставкасын өтеу ережесі;

3) Ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы ауыл шаруашылық өндірісіне кредит беру ережесі;

4) Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндеу жөніндегі кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мұдде) ставкасын субсидиялау ережесі бекітілсін.

2. 2003 жылға арналған респубикалық бюджетте 088 "Мал шаруашылығы өнімін өндіруге және оны сатып алуға кредит беру" бағдарламасы бойынша көзделген 1 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) теңге сомасындағы бюджеттік кредит мерзімділік, ақылылық, қамтамасыз етілу және қайтарымдылық шарттарында бес жыл мерзімге "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген сыйақының тіркеlemеген (құбылмалы) ставкасы бойынша беріледі деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен аталған кредитті "Мал өнімдері корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына беруді қамтамасыз етсін, сондай-ақ осы қаулыны орындау жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 18 наурыздады

N 259 қаулысымен

бекітілген

**Лизингтік негізде ауыл шаруашылық техникасымен қамтамасыз етуге 2003 жылға кредит беру және сыйақы (мұдде) ставкасын өтеу ережесі**

*Ескерту. Тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.16. N 1204 қаулысымен .*

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 085 "Лизингтік негізде ауыл шаруашылық техникасымен қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 3776811000 (үш миллиард жеті жүз жетпіс алты миллион сегіз жүз он бір мың) теңге сомасында (бұдан әрі - Қаражат) кредит беру және олар бойынша сыйақы (мұдде) ставкасын өтеу тәртібі мен шарттарын анықтайды. <\*>

*Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.09.29. N 998 қаулысымен .*

## 2. Кредит беру тәртібі мен шарттары

2. Қаражат заңнамада белгіленген тәртіппен мерзімділік, ақылылық, қамтамасыз етілу және қайтарымдылық шарттарында 7 (жеті) жыл мерзімге сыйақының жылдық 7,33 %-ына тең тіркелген ставкасы бойынша республикалық бюджеттен бөлінеді.

Көрсетілген сыйақы ставкасы осы Ереженің 3-бөлімінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджет қаражаты есебінен толық өтеледі және ол өтелген жағдайда қосып есептеледі.

3. Қаражат кейіннен әртүрлі лизинг түрлеріне берілуге жататын ауыл шаруашылығы техникасын (бұдан әрі - Техника) сатып алу, Техника сатып алуға байланысты шығындарды өтеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Техникаға арналған лизинг шарттарына сәйкес бюджетке төлеуге жататын қосылған құн салығын төлеу үшін бөлінеді.

4. Қаражат бөлу екінші деңгейдегі банкке немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымға (бұдан әрі - Қарыз алушы) кредит беру жолымен жүргізіледі.

Қарыз алушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес анықталады.

5. Қаражат бөлу үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Кредитор) Қарыз алушымен және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы

министрлігімен (бұдан әрі - Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі) бірлесіп, осы Ережеге сәйкес республикалық бюджеттен Қаражат бөлудің және оны қайтарудың тәртібін, Қарыз алушының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етудің тәсілдерін және өзге де шарттарды анықтайтын қарыз шарттарын (бұдан әрі - Кредиттік келісімдер) жасасады.

6. Қарыз алушы Қаражатты мақсатты пайдалануды және оны республикалық бюджетке уақтылы қайтаруды жүзеге асырады.

7. Кейіннен Қарыз алушыға беру үшін Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне республикалық бюджеттен Қаражат бөлу Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің өтінімі негізінде бірыңғай траншпен жүзеге асырылады.

8. Қарыз алушы Кредиттік келісімдерде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мен Кредиторға растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, бөлінген Қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп береді.

9. Қарыз алушы сатып алған Техниканың номенклатурасы мен көлемін сатып алу сәтіне жасалған лизинг шарттарының негізінде Қарыз алушы анықтайды.

### **3. Сыйақы ставкасын өтеудің тәртібі мен шарттары**

10. Сыйақы ставкасын өтеу 2004 жылдан бастап осы мақсаттарға тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

*Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.11.16. N 1204 қаулысымен .*

11. Сыйақы ставкасын өтеуді Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі осы Ереженің 12-тармағына сәйкес Қарыз алушы жұмсаған шығыстарды Қарыз алушыға өтеу жолымен жүргізеді.

12. Сыйақы ставкасын өтеу үшін Қарыз алушы Кредиттік келісімдердің шарттарында республикалық бюджет кірісіне Кредитордың сыйақысын немесе кредитті өтеуді ескере отырып, оның бір бөлігін төлеген сәтте Кредиттік келісімдерге сәйкес игерілген оның бір бөлігін төлеуді қамтамасыз етеді. Осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген сыйақы ставкасын толық өтеу үшін жеткілікті сомадағы қаражат республикалық бюджетте көзделмеген жағдайда, Қарыз алушы Кредитордың сыйақысын немесе оның бір бөлігін төлеуден босатылады.

13. Осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген Кредитордың сыйақы ставкасы түпкі қарыз алушыларға (лизинг алушыларға) кредит (лизинг) берген кезде Қарыз алушы өз пайдасына алғатын сыйақы (мұдде) ставкасының құрамына енгізілмейді.

14. Сыйақы ставкасын өтеу Қарыз алушыға республикалық бюджеттен субсидия төлеу жолымен, осы Ереженің 12-тармағына сәйкес Қарыз алушы жүргізетін Кредитордың сыйақысын төлеу сомасына тең көлемде, Кредитордың тиісті сыйақысын

немесе Кредиттік келісімдер бойынша оның бір бөлігін Қарыз алушының республикалық бюджеттің кірісіне төлеу фактісін раставайтын құжаттарды Бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне берген сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

#### **4. Қаражаттың пайдаланылуын және сыйақы ставкасының өтелуін бақылау**

15. Кредитор Қаражаттың игерілуін, мақсатты пайдаланылуын, республикалық бюджетке уақтылы қайтарылуын және сыйақы ставкасының өтелуін бақылауды жүзеге асырады.

16. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қарыз алушының Қаражатты мақсатты пайдалануын және республикалық бюджетке уақтылы қайтаруын қамтамасыз етеді.

Осы мақсатта Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қарыз алушы сатып алатын Техниканың номенклатурасы мен көлемін, Қарыз алушының лизинг бойынша сыйақы мөлшерін және лизингтің мерзімдерін келіседі.

17. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне дейін Қарыз алушы Кредитордың сыйақысын республикалық бюджетке аударғаны туралы және Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің сыйақы ставкасын өтегені туралы Кредиторға ақпарат жолдайды.

**Қазақстан Республикасы**

**Үкіметінің**

**2003 жылғы 18 наурыздады**

**N 259 қаулысымен**

бекітілген

**Лизингтік негізде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндіру жөніндегі кәсіпорындарды жабдықтармен қамтамасыз етуге кредит беру және сыйақы (мұдде) ставкасын өтеу**  
**ЕРЕЖЕСІ**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 802 "Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндіру жөніндегі кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингі" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 500 000 000 (бес жүз миллион) теңге сомасында кредит беру (бұдан әрі - Қаражат) және олар бойынша сыйақы (мұдде) ставкасын өтеу тәртібі мен шарттарын анықтайды.

#### **2. Лизингтік негізде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндіру жөніндегі кәсіпорындарды жабдықтармен қамтамасыз етуге кредит беру тәртібі**

2. Қаражат заңнамада белгіленген тәртіппен мерзімділік, қамтамасыз етілу, ақылышық және қайтарымдылық шарттарында 7 (жеті) жыл мерзімге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің

атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес белгіленген ставка бойынша бөлінеді.

Қаражат бөлу үшін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Бағдарламаның әкімшісі) екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдар (бұдан әрі - Қарыз алушы) арасында мынадай кіші салалар

б о й ы н ш а

к о н к у р с

ө т к і з е д і :

- 1 ) с ү т ө н д е у ;  
2 ) е т ө н д е у ;

3) көкөністерді, жемістерді және жүзімді өндіу.

Қарыз алушылар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес анықталады.

3. Қаражат кейіннен лизингке беруге жататын ауыл шаруашылығы өнімін қайта өндіу жөніндегі кәсіпорындарға (бұдан әрі - Тұпкі қарыз алушылар) технологиялық жабдықты (бұдан әрі - Жабдық) сатып алу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Ж а б д ы қ т ы

л и з и н г к е

беру кезінде бюджетке төлеуге жататын қосылған құн салығын төлеу және Тұпкі қарыз алушыға кеден төлемдерін қоса алғанда, Жабдықты сатып алу мен жеткізуге байланысты шығындарды өтеу үшін беріледі.

4. Қарыз алушылар Қазақстан Республикасының заңнамасына Қарыз алушымен жасалған кредиттік келісімге және Қарыз алушының ішкі кредит саясатына сәйкес Тұпкі қарыз алушыны дербес анықтайды. Бұл ретте жарғылық капиталында Қазақстан Республикасы резиденттерінің үлесі кемінде 51%-ды құрайтын, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген отандық ауыл шаруашылығы шикізатын пайдаланатын ұйымдар Тұпкі қарыз алушылар болады.

5. Кейіннен Қарыз алушыларға беру үшін Бағдарламаның әкімшісіне республикалық бюджеттен Қаражат бөлу Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Қаржымині), Бағдарламаның әкімшісі және Қарыз алушылар арасында жасалған Кредиттік келісімдерге сәйкес белгіленген тәртіппен мынадай құжаттар

н е г і з і н д е

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы :

1) Тұпкі қарыз алушыларға кейіннен лизингке беруге жататын Жабдықты сатып алу мақсатында Қаражат бөлу кезінде - Жабдықты жеткізуге арналған шарттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Бағдарлама әкімшісінің өтінімдері;

2) кедендік төлемдерді қоса алғанда, Тұпкі қарыз алушыларға Жабдықты сатып алу мен жеткізуге байланысты шығындарды өтеу мақсатында Қаражат бөлу кезінде - Жабдықты сатып алу мен жеткізуге байланысты Қарыз алушының шығындарын жүзеге асыруды растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, Бағдарлама

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жабдықты лизингке беру кезінде бюджетке төлеуге жататын қосылған құн салығын төлеу мақсатында Қаражат бөлу кезінде - Бағдарлама әкімшісінің өтінімдері.

6. Қарыз алушылар Қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етеді және Қаржымині, Бағдарламаның әкімшісі мен Қарыз алушы арасында жасалған Кредиттік келісімдерге сәйкес республикалық бюджетке уақтылы қайтаруды жүзеге асырады.

7. Қаражатты игеру қаржы жылы ішінде жүзеге асырылады, 2003 жылғы 25 желтоқсанға дейін игерілмеген сомалар 2 құнтізбелік құн ішінде республикалық бюджетке қайтарылады.

### **3. Сыйақы (мұдде) ставкасын өтеу тәртібі мен шарттары**

8. Сыйақы (мұдде) ставкасын өтеу 2003 жылға және келесі жылдарға арналған республикалық бюджетте 716 "Ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өндайтін кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингі бойынша сыйақы (мұдде) ставкасын өтеу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Лизинг бойынша сыйақы (мұдде) ставкасын өтеуге қаражат бөлу үшін Қарыз алушылар бір жолғы немесе бөлек-бөлек, соның ішінде сыйақыны немесе Кредиттік келісімдерге сәйкес кредиттердің бір бөлігін төлеу сәтінде игерілген оның бір бөлігін оларды жыл сайын өтеуді ескере отырып, республикалық бюджеттің кірісіне мерзімінен бұрын төлеуді қамтамасыз етеді.

9. Бағдарламаның әкімшісі Қарыз алушыларға сыйақы (мұдде) ставкасын өтеу үшін қаражат бөлуді республикалық бюджеттен субсидиялар төлеу жолымен, осы Ереженің 8-тармағына сәйкес Қарыз алушылар төлейтін сыйақы сомасына тең көлемде Кредиттік келісімдер бойынша республикалық бюджеттің кірісіне Қарыз алушылардың тиісті сыйақыны немесе оның бір бөлігін төлеу фактісін раставттың құжаттарды Бағдарламаның әкімшісіне берген сәттен бастап 5 жұмыс күнінің ішінде жүргізіледі.

### **4. Қаражаттың пайдаланылуы мен сыйақы (мұдде) ставкасын өтеуді бақылау**

10. Қаражат пен сыйақы (мұдде) ставкасын өтеудің игерілуін, мақсатты пайдаланылуын, республикалық бюджетке уақтылы қайтарылуын бақылауды Қаржымині жүзеге асырады.

11. Қарыз алушының Қаражатты мақсатты пайдалануын және республикалық бюджетке уақтылы қайтаруын Бағдарламаның әкімшісі қамтамасыз етеді.

12. Бағдарламаның әкімшісі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күніне дейінгі мерзімде Қарыз алушының республикалық бюджетке Қаржыминің сыйақысын аударғаны туралы және Бағдарлама әкімшісінің сыйақы (мұдде) ставкасын өтегені туралы ақпаратты Қаржыминіне жолдайды.

бекітілген

**Ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы ауыл шаруашылық өндірісіне кредит беру ережесі**

1. Осы Ереже 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 087 "Ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы ауыл шаруашылық өндірісіне кредит беру" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 1446600000 (бір миллиард төрт жүз қызық алты миллион алты жүз мың) теңге сомасында (бұдан әрі - Қаражат) кредит беру тәртібі мен шарттарын анықтайды. <\*>

*Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.09.29. N 998 қаулысымен .*

2. Қаражат заңнамада белгіленген тәртіппен мерзімділік, ақылылық, қамтамасыз етілу және қайтарымдылық шарттарында 7 (жеті) жыл мерзімге жылдық 0,5 пайызға тең сыйақының тіркелген ставкасы бойынша республикалық бюджеттен бөлінеді.

3. Қаражат ауылдық кредит серіктестіктеріне (бұдан әрі - Серіктестіктер) кредит беру үшін бөлінеді.

4. Қаражат бөлу екінші деңгейдегі банкке немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымға (бұдан әрі - Қарыз алушы) кредит беру жолымен жүргізіледі.

Қарыз алушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық ресімдердің ережесіне сәйкес анықталады.

5. Қаражат бөлу үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Кредитор) Қарыз алушымен және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен (бұдан әрі - Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі) бірлесіп, республикалық бюджеттен Қаражат бөлудің және оны осы Ережеге сәйкес қайтарудың тәртібі, Қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етудің тәсілдері мен өзге де шарттар анықталатын қарыз шартын (бұдан әрі - Кредиттік келісім) жасайды. Бұл ретте, Қаражаттың республикалық бюджетке қайтарымдылығын қамтамасыз ету Қарыз алушы мен Серіктестіктер арасында жасалған кредиттік шарттар бойынша талап ету құқығын кепілге салу шарттары болып табылуы мүмкін.

6. Қарыз алушы Серіктестіктерге Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қарыз алушының ішкі кредит саясатына сәйкес мерзімділік, ақылылық, қамтамасыз етілу және қайтарымдылық шарттарында кредит беруді, сондай-ақ Қаражатты мақсатты пайдалануды және оны республикалық бюджетке уақтылы қайтаруды жүзеге асырады.

7. Бюджеттік бағдарлама әкімшісіне кейіннен Қарыз алушыға беруі үшін республикалық бюджеттен Қаражат бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің өтінімі негізінде жүзеге асырылады.

< \* >

Ескеरту. 7-тармақ өзгерді - КР Үкіметінің 2003.09.29. N 998 қаулысымен .

8. Қарыз алушы Кредиттік келісімдермен анықталған тәртіппен және мерзімдерде Бюджеттік бағдарламаңың әкімшісі мен Кредиторға растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, бөлінген Қаражаттың пайдаланылуы туралы және түпкі қарыз алушылардан төлемдердің түсіні туралы есептер береді.

9. Кредитор Қаражаттың игерілуін, мақсатты пайдаланылуын және республикалық бюджетке уақытылы қайтарылуын бақылауды жүзеге асырады.

10. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қарыз алушының Қаражатты мақсатты пайдалануын және республикалық бюджетке уақтылы қайтаруын қамтамасыз етеді.

# Қазақстан Республикасы

## Y k i m e t i n i h

2003 жылғы 18 наурыздады

# N 259 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндейтін кәсіпорындарға  
олардың айналымды қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі  
банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мұдде)  
ст авка сы н с у б с и д и я л а у**

ЕРЕЖЕСІ

1. Осы Ереже 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 717 "Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндейтін кәсіпорындарға олардың айналымды қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мұдде) ставкасын субсидиялау" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген 395 000 000 (үш жүз тоқсан бес миллион) теңге сомасында қаражат есебінен жүзеге асырылатын өндірістік мақсаттар үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндейтін кәсіпорындарға (бұдан әрі - Қарыз алушы) олардың айналымды қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі - Банктер) беретін кредиттер бойынша сыйақы (мұдде) ставкасын субсидиялау тәртібі мен шарттарын анықтайды.

2. Осы бағдарламаны іске асыру өндірістік мақсаттар үшін Қарыз алушыларға айналымды қаражатын толықтыруға Банктер беретін кредиттердің пайыздық ставкалары бойынша Банктерге Қарыз алушылар төлейтін төлем сомасын ішінara арзандатуға бағытталған.

3. Респубикалық бюджеттен берілетін субсидиялау сомасы Қарыз алушыға Банк беретін кредиттің пайыздық ставкасының 80%-ына дейін құрайды. Бұл ретте, кредиттің пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігінің үлесі барлық Қарыз алушылар үшін бірдей болуы тиіс. <\*>

Қарыз алушы Банкке банк кредитінің белгілеген пайыздық ставкасы мен респубикалық бюджеттен субсидияланатын сома арасындағы айырманы дербес өз қаржатынан төлеиді.

*Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.09.29. N 996* қаулысымен .

4. Келесі қаржы жылына өтетін шарттық міндеттемелер бойынша сыйақы (мұdde) ставкасын субсидиялауды Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Бағдарламаның әкімшісі) осы мақсаттар үшін тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

5. Пайыздық ставканы субсидиялауға арналған қаражатты Бағдарламаның әкімшісі Қарыз алушыға Банк беретін кредиттер бойынша мынадай кіші салалар (лоттар) бойынша бөледі :

1 ) ет өндeу ;

2 ) сүт өндeу ;

3 ) тері шикізатын және жүн өндeу ;

4) жеміс-жидектерді, көкөністерді өндeу және жеміс-көкөніс консервілерін, балаларға арналған тамақ өндіру ;

5) майлы дақылдарды өндeу және есімдік майын өндіру. <\*> Балдық бағалау негізінде әр лоттағы банктердің үлесі Қарыз алушыларға берілетін кредиттер бойынша пайыздық ставканың ең төменгі деңгей критерийі бойынша анықталады.

Осы Ереженің 6-тармағының 1) тармақшасында көзделген ең жоғары пайыздық ставка бойынша кредиттер берген Банктерге 1 балл беріледі. Төменгі пайыздық ставка бойынша кредиттер берген Банктерге төмендетілген пайыздық ставканың әрбір 1 пайызы үшін балл 0,2-ге ұлғайтылады. Лот бойынша пайыздық ставканы субсидиялау сомасы Банктер арасында Банктер алған балдар бойынша тепе-тең бөлінеді.

*Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.09.29. N 996* қаулысымен .

6. Бағдарламаның әкімшісі бюджеттік бағдарламаны іске асыруға қатысушы Банктерді мынадай талаптарға сәйкес анықтайды:

1) Қарыз алушыға берілетін банктік кредит пайыздық ставканың деңгейі 2003 жылғы 1 қантарға белгіленген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасының 2,5 есесінен аспауы тиіс;

2) Банк пен Қарыз алушы арасында кредит алуға арналған алдын ала шарттарды, Қарыз алушының қысқаша суреттемесін, жобаның қысқаша суреттемесін және шикізат сатып алуға алдын ала шарттарды қамтитын Қарыз алушылардың өтінімдерінен қалыптастырылған портфельдің болуы;

3) Банктің ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндіру жөніндегі кәсіпорындармен  
ұтымды жұмыс істеу тәжірибесі;

4) бұрын респубикалық және/немесе жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен  
алынған кредиттер бойынша берешектің болмауы;

5) іріктеу өткізілетін күннің алдындағы соңғы үш ай ішінде Қазақстан  
Республикасы Ұлттық Банкінің пруденциалдық нормативтерін сақтау;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген жарғылық және меншікті  
капиталдардың ең тәменгі мөлшерінің лимиттерін сақтау;

7) филиалдық және/немесе корреспонденттік желілердің болуы.

Көрсетілген талаптарға сәйкес келмеу бағдарламаларды іске асыруға Банктерді<sup>қ</sup>атыстырмауға негіз болып табылады.

7. Банктер олардың осы Ереженің 6-тармағында көзделген талаптарға сәйкестігін  
растау ретінде растаушы құжаттарды ұсынады.

8. Банктер Қарыз алушыларды мына талаптарды негізге ала отырып, дербес  
а н ы қ т а й д ы :

1) Қазақстан Республикасының резиденті;

2) Қарыз алушының қаржылық тұрақтылығы, бюджетке төленетін салықтар мен  
басқа да міндетті төлемдер бойынша, сондай-ақ бұрын Банк берген кредиттер бойынша  
б е р е ш е к т і н ь болмауы ;

3) негізделген бизнес-жобаның болуы;

4) өнеркәсіптік технологиялар мен жабдықтарды пайдалануы;

5) ұсынылған өнімді өндіруге өткізу нарығының болуы және сыйымдылығы;

6) отандық тауар өндірушіден өндірістік мақсаттар үшін қажетті ауыл  
шаруашылығы шикізатын сатып алу.

9. Иріктеудің қорытындылары бойынша 10 күнтізбелік күн ішінде Бағдарламаның  
әкімшісі мен Банктер арасында қаражат аудару тәртібі мен шарттарын, тараптардың  
жауапкершілігін, Қарыз алушылардың тізбесін және өзге де шарттарды көздейтін  
ш а р т т а р ж а с а л а д ы .

*Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.09.29. N 996 қаулысымен .*

10. Қарыз алушы осы Ережеге сәйкес банкке сыйақы (мұдде) ставкасын  
субсидиялау жүзеге асырылатын бір ғана кредит алушы есептеуге құқылы.

11. Банктер тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей,  
Бағдарламаның әкімшісіне респубикалық бюджеттен Банктің есептік шотына қаражат  
аударуға өтінімді және Қарыз алушылардың субсидия мөлшеріне төмендетілген  
сыйақы (мұдде) ставкасын төлегенін растайтын құжаттарды береді.

Бағдарламаның әкімшісіне қаражат бөлу кейіннен оларды Банктің есептік шотына  
аудару үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832

қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық ресімдердің ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

12. Қарыз алушы Банкке кредиттің пайыздық ставкасы бойынша төлемдер төлеу жөніндегі міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатқан немесе осы Ереженің З-тармағында көзделген кредит бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда, Банк бес күнтізбелік күн ішінде ол туралы Бағдарламаның әкімшісіне хабарлауға міндетті. Қарыз алушы төлемдерді тоқтатқан немесе Банк алдындағы міндеттемелерін орындаған сэттен бастап Қарыз алушыға Банк берген кредиттің пайыздық ставкасының бір бөлігін республикалық бюджеттен субсидиялау тоқтатылады.

13. Банктер бюджет қаражатын мақсатты пайдаланбағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жауапкершілік жүктейді.

14. Кредитті уақтылы және толығымен қайтару жөніндегі міндеттемелерді орындағаны, кредит бойынша сыйақыны төлеу үшін Банктердің алдындағы жауапкершілікті Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес Қарыз алушы жүктейді.

15. Бағдарламаның әкімшісі бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.